

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

Исаның кереметтері



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Byron Unger; Lazarus
Alastair Paterson

Бейімдеген: E. Frischbutter; Sarah S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.


1

Иса көптеген кереметтер жасады. Кереметтердің бәрі Исаның шынымен Құдай Ұлы екенін дәлелдейтін белгі болатын. Бірінші кереметі үйлену тойында жасалды. Сол тойда бір қиындық туындады. Шарап бәріне бірдей жетпеді.



2

Исаның анасы Мәриям Оған осы мәселені айтып, сосын қызметшілерге Исаның бұйырғанын орындауды ескертті.



3

«Мына құмыраларды суға толтыр», – деді Иса. «Су ма?» Бәлкім олар осылай сұраған болар. Иә, Иса сұраған нәрсе су болатын.



4

Содан кейін Иса қызметшіге бір құмырадан суды алып, асабаға дәмін татып көруге беруін бұйырды. Су шарапқа айналды! Жақсы шарап! Ең дәмді шарап!



5

Қызметшілер қайран қалды. Иса суды шарапқа айналдырды. Мұндай кереметті тек Құдай ғана істей алатын.




6

Иса басқа да кереметтер жасаған. Бір күні кешке Ол Өзінің шәкірттерімен бірге Петірдің үйіне барды. Петірдің енесі науқастанып, дене қызуы көтеріліп жатыр екен.



7

Иса қолын науқас әйелге тигізді. Бір демде ол қайтадан сау болды. Ол Иса мен шәкірттеріне қызмет ету үшін орнынан тұрды.



8

Сол күні кешке бүкіл қала аулаға жиналғандай көрінді.

Ауру адамдар –зағип, саңырау, мылқау, мүгедек адамдар келді.

Тіпті жын соққан адамдар да Исаның алдына топырлап келді. Ол осынша адамға көмектесе алар ма еді?



9

Иса, Құдайдың Ұлы, көмектесе алар еді. Иса шынымен көмектесті. Оған келгендердің бәрі сауықты. Өмір бойы таяққа сүйеніп жүргендер енді жүріп, жүгіріп және секіре алатын болды.




10

Алапестен адам көргісіз кемтар боп қалған басқалар да келді.



11

Олар Иса өздерін сауықтырған кезде таза әрі он екі мүшесі сау бүтін болды.



12

Жынды болған еркектер мен әйелдер Исаның алдында тұрды. Ол жындарға шығып кетуді бұйырды. Жындар Оған бағынған кезде, үрейленген бақытсыз адамдар тыныш әрі қуанышты болды.



13

Тобырдың артында төрт еркек өздерінің достарының Исаға келуіне көмектесуге тырысты. Бірақ олар жақындай алмады. Олар не істей алар еді?



14

Ауруды үйдің шатырына шығарған төрт адал дос шатырды бұзып, оны төменге түсірді. Енді ол Исаға жақын болды.




15

Иса төрт достың сенімі бар екенін көрді. Ол ауруға былай деді: «Сенің күнәларың кешірілді. Төсегінді жинап ал да, жүре бер». Еркек орнынан сау әрі күшті болып тұрды. Иса оны сауықтырды.




16

Осыдан біраз уақыт өткенде, Иса шәкірттерімен бірге қайыққа отырды. Теңізде қатты дауыл көтерілді. Иса ұйықтап жатты. Қатты қорыққан шәкірттері Оны оятты. «Ием, бізді құтқара гөр! –деп айғайлады олар. –Біз құритын болдық!».



17

«Тынышталындар! –деп бұйырды Иса толқындарға. Теңіз дереу тынышталды. «Бұл қандай адам?» Шәкірттері өзара сыбырласты. Тіпті жел мен теңіз де бағынады. Олар Исаның Құдайдың Ұлы екеніне сенді, өйткені Оның кереметтері Оның даңқы туралы куәлік етті. Шәкірттері мұны білмеді, бірақ олар адамдар арасында



18

қызмет еткен Исаның бұдан да үлкен кереметтерін көруге дайындалды.

Исаның кереметтері

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Матай 8-9, Марқа 1-2, Лұқа 4, Лұқа 8, Жохан 2

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

19



40



60

20

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге не болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.